

Р. Болат^{1*} , З.Қ. Бисенғали¹ , Г.Б. Токшылыкова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz

Ә. НҰРПЕЙІСОВТІҢ «СОҢҒЫ ПАРЫЗ» РОМАНЫНДАҒЫ СУБАЛТЕРНДІК

Зерттеу жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы постколониалдық сарын, соның ішінде субалтерндік мәселесін жан-жақты қарастыруды мақсат еткендіктен, орталық-периферия қатынасы негізгі бағыт етіп алынды. Егемендіктің нәтижесінде шығармада авторлық позиция тұрғысынан берілген отарлық империяның жергілікті халыққа деген қатынасы, субалтерндігі нақты мысалдар арқылы ашық талданады. Ғылыми зерттеудің басты идеясы – жазушының субалтернді субъект деңгейіне көтерген зияткерлік парызы болғанын айқындау. Жұмыстың ғылыми маңызы ретінде постколониализм ұғымын құрайтын субалтерндік, орталық-периферия қатынасы, ориентализм, еуроцентризм сынды өзекті мәселелердің жүйелі түрде зерттеу нысанына алынуы болса; экологиялық сана мәселесінің адам тағдырымен байланыста қарастырылуы практикалық маңыздылығын құрайды. Зерттеуде қолдан жасалған құндылықтарды айқындау мақсатында қолданылған герменевтикалық, желілік талдау, жинақтау әдістері арқылы бірқатар бинарлық оппозиция анықталады. Қол жеткізген негізгі нәтиже ретінде Э.Саид, Г.Ч.Спивак, С.Камерон, Э.Шац, Дж.Макнейл сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, аталған романның постколониалдық контексте талдануын, адам мен табиғат экологиясы маңызды аспект ретінде дәлелденуін айтуға болады. Авторлардың бүгінге дейін еуроцентристік тұжырымдама негізінде көшпелілерге телінген негатив парадигмаларды анықтап беруі жұмыстың құндылығын арттыра түседі. Әрі алдағы уақытта постколониализм, әлеуметтану саласына белгілі бір деңгейде өз үлесін қосады.

Түйін сөздер: орталық-периферия, билік қатынасы, ориентализм, субалтерндік.

R. Bolat^{1*}, Z.Q. Bisengali¹, G.B. Tokshylykova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz

Subalternity in A. Nurpeisov's Novel "Final Respects"

This study aims to comprehensively examine postcolonial themes in A. Nurpeisov's novel "Final Respects", with a particular focus on the issue of subalternity. Consequently, the central-periphery relationship serves as the primary analytical framework. In light of national independence, the novel critically explores the colonial empire's treatment of the local population, illustrating subalternity through concrete examples from the author's perspective. The core argument of this research is that Nurpeisov's intellectual duty was to elevate the subaltern subject. The academic significance of this study lies in its systematic engagement with key concepts of postcolonialism, including subalternity, the central-periphery dynamic, Orientalism, and Eurocentrism. Additionally, the study's practical relevance is highlighted by its exploration of ecological consciousness in relation to human destiny. To identify constructed values, the research employs hermeneutic analysis, network analysis, and synthesis, uncovering a range of binary oppositions. By drawing on the works of scholars such as E. Said, G. C. Spivak, S. Cameron, E. Schatz, and J. McNeill, this study demonstrates that the novel can be analyzed within a postcolonial framework, with the relationship between human and environmental ecology emerging as a crucial aspect. Furthermore, by exposing the negative paradigms historically imposed upon nomadic peoples within a Eurocentric framework, this research contributes to a deeper understanding of colonial discourse. Ultimately, the study offers insights into the fields of postcolonialism, and sociology, fostering further academic discourse.

Keywords: central-periphery, power relations, orientalism, subalternity.

Р. Болат^{1*}, З.К. Бисенғали¹, Г.Б. Токшылыкова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz

Субальтернность в романе А. Нұрпейісова «Последний долг»

Взаимоотношения центр-периферия были взяты за основное направление, поскольку исследование направлено на комплексное рассмотрение постколониального мира, в том числе субальтерности, в романе писателя А. Нұрпейісова «Последний долг». В результате независимости на конкретных примерах открыто анализируется отношение колониальной империи к местному населению, субальтерности с авторской позиции. Основная идея научного исследования заключается в определении гражданского долга писателя, поднявшего субалтерна до уровня субъекта, умеющего говорить. Научная значимость работы заключается в систематическом изучении таких актуальных проблем, как отношения центр-периферия, ориентализм, субальтернизм, евроцентризм, составляющие концепцию постколониализма; рассмотрение проблемы экологического сознания в связи с судьбой человека имеет практическое значение. В исследовании выявлен ряд бинарных оппозиций с помощью методов герменевтики, сетевого анализа и обобщения, используемых для определения ценностей, созданных империей. Опираясь на работы таких выдающихся ученых, как Э. Саид, Г.Ч. Спивак, С. Камерон, Э. Шац, Макнейл, можно сказать, что упомянутый роман анализируется в постколониальном контексте, и доказывается как важный аспект экология человека и природы. Ценность работы повышается за счет выявления авторами негативных парадигм, приписываемых кочевникам на основе европоцентристской концепции. А в будущем он внесет определенный вклад в область постколониализма и социологии.

Ключевые слова: центр-периферия, властные отношения, ориентализм, субальтерность.

Кіріспе

Әдебиеттегі алғашқы қадамын сүйекті жанр – роман жазудан бастаған кемел суреткер Ә. Нұрпейісовтің әдебиетші қауымнан жоғары бағасын алған, концептуалдық өзекті ойы, жанрлық-стильдік бітімі жағынан прозадағы жаңа құбылыс ретінде танылған (Ә. Кекілбаев), психологиялық сезімдер қақтығысына құрылып, өткінші өмірдің тұрлаусыздығын көрсеткен әрі өмір философиясы терең қамтылған шығармасы – «Соңғы парыз». Өмір шындығын өнер шындығына шеберлікпен айналдыра білгендіктен романның оқырманы көп. Арал апаты туралы ақиқат көркемдік шешімін тапқан бұл туынды – жазушының азаматтық-зияткерлік парызы, адамгершілік парызы.

Жазушы – өз ұлтының ары мен абыройы ғана емес, көзі мен құлағы екенін тағы бір дәлелдеген Ә. Нұрпейісов болды. Семей жеріне өзінің мерейтойын өткізуді ақылдасуға барған сапарында заңғар жазушы М.Әуезов елінің полигон зардабынан қан құсқан қасіретті жайынан түңіліп келіп, акад. Қ.Сәтбаевқа айтып, туған өлкесінде экология мәселесінің тым ушығып кеткенін, әрекет жасамаса болмайтынын айтқаны секілді алыптар арасында сабақтастық бар. Ә. Нұрпейісов те азамат соғысы кезіндегі балықшылар тағдыры жайлы жазуды жоспарлап барып, Аралдың жайына күңіреніп қайтқанын

сұхбатынан білеміз. Туған жерінің ауыр жағдайын сол топырақта дүниеге келген төл перзенті жоқтайтыны белгілі. Үздіксіз жарылыстан үгітілген Дегелең тауын зарлап жоқтап, өзіне көңіл айтқызған академик Р. Нұрғали сынды, шалқыған Аралдың тартылып, қаңсуын, ешбір халық тарихында болмаған трагедия – тұтас теңіздің тартылуын Ә. Нұрпейісов жоқтауы, зарлана, тебірене жазуы заңдылық деп танымыз.

Табиғат пен адам – егіз. Табиғат тозып, жүдегесін Арал апатқа ұшырап, суы тартылғалы теңіз табанындағы тұз ауаға жайылып, жердің бетін сор басты. Бұл экологиялық апат халықтың да жанын жүдетіп, қасірет шектірді (*бір түнде 25 үй үдере көшіп, балалардың кемтар боп туып жатқаны соның көрінісі*). Теңіз табанына мақта егіп, байлыққа кенелу сынды абсурдты идеясын ғылыми жаңалық ретінде насихаттаудан танбаған мансапқорлар ретінде біз Әзім сынды псевдоғалымдарды танып, кінәлаймыз. Ал расында ол тек – функционер, жоғарының дегенін бұлжытпай орындайтын идеология қолшоқпары. Кремль көзбояушылары мен жағымпаз ғалымдар (*Арал жерінің асты қаптаған су деп жалған карта жасайтын*) біріксе, табиғат азатыны аян. Жалған ғалым Әзімнің кінәсі – туған жер табиғатына шабуыл жасағандығында, оны ойымен де, ісімен де сатқандығында, араша түспегендігінде. Мәскеуге абитуриент боп барған алғашқы сапарында Қазақстанның

тұрақты өкілдігінің қызметкерін алдап соққан Әзім Аралын сатты.

Зерттеудің мақсаты – романда көтерілген орталық пен периферия арасындағы билік қатынасын ашып көрсету. Ол үшін диалогия желісінен нақты мысалдар келтіріліп отырады. Мәскеу билігінің жергілікті халыққа жасаған әділетсіздігін жазушы арал тағдырымен байланыста батыл суреттеді. Бұл мәселе жөнінде нақты зерттеу жұмысы жазылмаса да ішінара айтып, автор нысанасын дәл таныған ғалымдар болды. Солардың қатарында этнограф, жазушы А. Сейдімбек пен философ А. Қалмырзаев ой-пайымы ерек. Ә. Нұрпейісов «ата жұртын шарпи үйірілген планеталық ауқымдағы алапат оқиғаларды басынан өткеріп, белшесінен кешті. Заманасының кейіпкеріне айналды. Көз алдында, туған елі табиғи даму жолымен емес, дүлей күштің зорлықшыл оспадарлығымен системалық алмасуларды бастан кешті. Көз алдында, бірдің емес, мыңның емес, тұтас халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды парықтау болмысына өзгеріс енгізілді. ...Одан кейін – ұраншыл саясат, ұрдажық әкімшілік, алданған ел, арбалған азамат, торланған шекара, тулақ болған дала...» (Сейдімбек, 2000: 3) назарынан тыс қалуы мүмкін емес болатын. Үнемі халықты қорғап ұлық мінберлерде сөз сөйлеп жүретін жазушының ел проблемасын үздіксіз көтерді. Жазушы С. Елубай классикті халқы үшін отқа да, суға да түсе білген жалаңтөс баһадүр жазушы деп танып, оның империялық билікке деген наразылығын ашына, жалтақтамай батыл айтатын қасиетін дәріптейді. Соның ішінде С.Елубай көрсеткен үш ерлігіне тоқталсақ. Алғашқысы Желтоқсан оқиғасында қазақ жастарын қанға бөктіріп, Колбинді басшы тағайындағанда 1989 жылдың 17 қаңтарында Мәскеуде болған бүкілодақтық жазушылар пленумында қайсар жазушы қазақ жеріне сырттан келген өкілді «временщик» деп атап қана қоймай, мұндай уақытша басшылардың қазақ халқына жасаған қиянатын ашық әшкереледі. Нәтижесінде аз уақыттан соң Колбин қызметінен кетті. Одан соң Кеңестер Одағы құлар алдында ұлыдержавашыл ғалым Солженицын атышулы әрі беделді «Известия» газетінде «Как нам обустроить Россию» атты мақаласында қазақ жерінің солтүстік өңірлеріне ауыз салғанда, дәл сол газетте «Чужая и своя боль» деген қарсылық мақала жариялап, жері үшін күресе білді. Тарихи фактімен сөйлеп, 1897 жылғы санақта бұл өлкеде келімсектердің саны 17 пайыз ғана болған деректі алға тартқанда, империя-

шылдардың үні өшті. Нобель сыйлығын иеленіп, атағы дүркіреп тұрған. Артында тұтас билік тұрған азулы ғалымға өзге ұлтты қазақтай шынайы пейілімен бауырына басқан ұлт жоқтығын алға тартты. Ал үшіншісі 1991 жылдың 28 мамырында Алматыға келген М.Горбачевке «70 жыл ұдайы қызыл режимнен көрген қазақ қиянатын топтап, салмақтап бас хатшының бетіне бір-ақ үрды» (Елубаев, 2019: 8). Яғни, қоғамдағы әділетсіздікке наразылығын әрқашан дәйекті түрде әрі батыл жеткізіп жүрген классиктің бұл позициясын өз туындысында ұстанып, кейіпкерлер тағдырымен, әлеумет жағдайымен тығыз сабақтастықта беретіні заңдылық әрі объективті деп пайымдаймыз.

Жазушының аталған романына «қазақ әдебиеті осы шығарма арқылы аналитикалық жаңа кезеңге аяқ басты, дүние болмысын жеке адамның танымы мен түйсігі арқылы берудің жаңа дәстүріне қол созды, қазақ прозасындағы жаңа ырғақ пен жаңа құрылымның тұсауын кесті» деп әділ бағасын берген Д. Исабеков болды (Исабеков, 2024: 7). Бірақ авторлық позициясы айқын байқалатын орталық-периферия арасындағы билік қатынасы, жергілікті халықтың субалтерндігі аспектісі тұрғысынан қарастырылмағаны осы зерттеудің жазылуына негіз әрі себеп болды.

Материал мен әдістер

Жазушының аталған романы қоғамда үлкен резонанс тудырып, көп талқыға түсіп, зерттелді. Орыс әдебиетіндегі «Орыс орманы» (Л. Леонов), «Патша – балық» (В. Астафьев), «Өрт» (В. Распутин) романдарымен салыстырыла қарастырылып, талданды. Әрине, оның одақ көлемінен шығып, әлемдік аренаға шығуына бірден-бір ықпал еткен – А. Кимнің аудармасы. Романды орыс тілінде сөйлеткен аудармашы А. Кимнің сөзімен айтқанда, *бұл заманның басты тақырыбын бір-жолға қорытындылап тұрған роман* екендігінде дау жоқ. Адамзат трагедиясын орман жойылуымен байланыстырған қаламгер А. Ким (*«Отец – лес» романы*) мен Ә. Нұрпейісов арасында тығыз байланыс бар. Автор да, аудармашы да табиғаттың жоқшылары болғандықтан, адам тағдыры, үміт пен сенімнің күйреуі, идеалдардың жоғалуы, уақыттың тығырыққа тірелуі – бәрі табиғатпен тығыз байланыста алынады. Ақырзаман әуені сезілетін романда табиғат та, адам да – уақыт трагедиясының құрбандығы. Нұрпейісов романындағы органикалық ерекшелікті аңғара алған Ким аудармасында жазушының ішкі әле-

мі толық ашылып, құпия әуезі қоса шертіледі. Жалпы, қазақ әдебиетінің әлменді иығы саналатын Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдары әлемнің 40-қа жуық тіліне аударылып, қазақ әдебиетінің беделін көтеріп, потенциалы мен даму преспективасының жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Француз жазушылары Лили Дени оны Лев Толстоймен салыстыра қараса, Жан Монтальбетті әділетсіздікке қарсы күрескен заманымыздың ең терең жазушысы ретінде бағалайды (Жақсылықов, 2014: 4). А.Ким «роман біз бастан кешкен адыра қалған арман, ақталмаған үміт, зая заман жайлы» десе, қырғыз жазушы Б.Шәмшиев «роман алда келе жатқан алапат апат тынысы сезілген дәуірдің айқын құжаты, куәлігі. Сіз жақын болашақта Жер тағдыры қалай болатыны жайлы бүгін-ақ куәлік бердіңіз» деген (Жақсылықов, 2014: 4). Ал осы өнертанушылар айтқан апат, әділетсіздік, орындалмаған арман – Арал проблемасы мен оның халқының жай-күйі. Біз өз зерттеуімізде жазушы көтерген экология проблемасын, орталық-периферия билік құрылымын, субалтерндік сынды мәселені тарқатып айтамыз.

Нақты әдеби шығармадағы экологиялық дағдарыс, адам мен табиғаттың, империялық билік құрылымы тұрғысынан зерттеу жасағандықтан экокритицизм, постколониализм және оның негізгі терминдері: ориентализм, еуроцентризм, субалтерндік талданды. Жәдігер-Бәкізат-Әзім ұштағанын, олардың өзара байланысы мен айырмашылығын көрсету мақсатында желілік талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен бірге тарихи-салыстырмалы қорыту, жинақтау, герменевтикалық әдіс пайдаланылды. Осы әдістерді пайдалану нәтижесінде экологиялық сананың ағартушылық пен прогресс идеяларымен сәйкес келмей, отырықшылық-көшпелілік, дамыған-артта қалған секілді бинарлық оппозицияға тап болғаны, кеңестік жүйе қалыптастырып берген құндылықтардың ықпалынан өз даралығынан айырылып қала жаздаған халықтың мүшкіл халі көрсетілді.

Әдебиеттерге шолу

Тәуелсіздік тұсындағы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан елеулі жетістікке жеткен әрі дәстүр мен жаңашылдықтың ерен үлгісін көрсеткен бұл роман әдебиеттанушы ғалымдар, қаламгерлер Ш. Елеуенов, А. Сейдімбек, Г. Бельгер, Н. Қадырбаева, Б. Алдамжаров, М. Кенжебай,

Н. Құдайберген тарапынан жан-жақты қарастырылды, сүбелі пікірлер айтылып, объективті бағасы берілді. Зерттеу тақырыбымызға қатысты осы еңбектерде айтылған әдебиеттанушы, сыншы, философ ғалымдардың ой-пайымдаулары, талдаулары мен ғылыми пікірлері басшылыққа алынды.

Бұл зерттеу постколониялық көзқарасқа негізделген, сондықтан постколониялық сыншылар Э. Саид, Г.Ч. Спивактың ориентализм мен субалтерндік мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдарын пайдаланады. Сондай-ақ Кеңес Одағы саясатының қазақ ұлттық бірегейлігіне ықпалын талдау барысында Э. Шац пен С. Камеронның ғылыми еңбектеріне сүйенеді.

Нәтижелер мен талқылау

Жалпыадамзаттық проблеманы көтеруінің өзі туындының эпикалық құлашын, кеңдігін білдіреді. Мақсатты, жоспарлы түрде теңізге қас-тандық жасалды. Ал оның зардабын жергілікті халық тартты. Табиғат гармониясы бұзылып, мақта, күрішті суарғаны аздай, ағын су арнасын Қарақұм каналы арқылы құмды алқапқа бұру салдарынан Арал теңізі тартылды. Табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы халық сана-сезіміне де кері ықпалын тигізді.

«Қан мен тер» романында Еламанның монологы арқылы берілген: «...жарықтық, қандай биік және қандай кіршіксіз таза. Адамзат жетпей сорлап жүр. Көре қал, күндердің бір күнінде көкке қолы жетсе адам аспанды да былғайды» деп көк аспанға қарап айтқан экология туралы ойы «Соңғы парыз» романында жалғасын тапқан. Адамның ішкі мәдениеті мен оның адамгершілік деңгейі экологиялық санамен өлшенетін заман келді деп түсінген жазушы алғаш рет «Экологиялық сана» ұғымын енгізді. Ол экология ұғымының аясына *табиғат пен адам экологиясын, ұлт мәдениеті мен тілінің экологиясын* сыйғызды (*Ослодағы сөзі дәлел*).

Классиктің даласын шексіз сүюінің себебі киелі ақиқаттың өзі осынау дала тылсымында тыныстайды деп сенді. «Біздің ұлы дала да адамша тыныс алып, адамша тіршілік етеді. Ол түсіне білгенге адамша сөйлейді. Ал оны түсіну үшін сол далада тууың керек. Дала – сайыпқыран жігіттердің ат ойнатып, ептілігі мен ерлігін шындар ұлан байтақ мекені ...дала – жолаушының түпсіз де терең фәлсафаға толы ойлары мен тұңғық толғам-тұжырымдары, ...ақиқатпен ғана оңаша сырласып келе жатқан адамның жан

сыры» (Анастасьев, 2009: 6). Бұл жолдардан автордың далаға деген махаббатының шексіздігін, мөлдірлігін, тұңғық тазалығын көреміз. Қазақ үшін жер қасиетті. Уланып, түрлі дертке шалдығып, азап шегіп жатса да, кіндік қаны тамған туған жері киелі.

Адам – табиғаттың бел баласы, сондықтан табиғат көгермей, адамның көгеріп, өніп-өсуі мүмкін еместігін автор барынша көрсетеді: талай отбасы күйреп, бақытсыздыққа ұшырауымен қатар, ана құрсағындағы баланың өзі кемтар боп туылуы т.б. Экологиялық зардап – ұшқан тұз – қалың сор басқан дала төсінде ауру балаларды дүниеге әкелді. Ә. Қалмырзаев сарказммен атап өткеніндей, адамзат мекен еткен жер ақыл кеніш иелерінің алпауыт жаңалықтарының, псевдоғалымдардың тілсіз құрбаны болды. Пенделердің пендешілдігінен, қомағай ашқарақтығынан, тойымсыздығынан тартылған теңіздің орнын сор басты. Автор қазақ даласының лабораторияға, сынақ алаңына айналғанына, Үлкен Үйдегілердің жергілікті халыққа жасаған әділетсіздігі мен аяусыздығына, қастерлі мекенін эксперимент алаңына айналдырғанына күйінді. Ұлы Даласын шексіз сүйетін үлкен жүректің толқыныс, тебіренісінен туған роман бұл.

Роман көтерген маңызды мәселенің бірі – орталық пен периферия арасындағы билік қатынасы. Нұрпейісов Арал теңізіндегі экологиялық апаттың түпкі себебі Мәскеу мен одақтас республикалар арасындағы иерархиялық қарым-қатынаста жатқанын терең түсінді. Шынында, Кеңес Одағы «отарлық империя» ретінде романда бірнеше рет түспалданған, ал «империя орталығы» – Мәскеу балықшы аулында өтіп жатқан барлық оқиғада шешуші рөл атқарады. Кеңестік – Арал теңізінің жағасындағы шағын ғана балықшы ауыл болса да, ондағы Мәскеудің ықпалы жан-жақты сезіледі. Автор оны түсіндіріп, нақты баяндамаса да ауыл адамдарының сөздерінде үнемі байқалып отырады.

Суреткер романда «Үлкен Үй» деген атауды қолдана отырып билік орталығын меңзейді, ал «Үлкен Кісі» деп билеушіні астарлы атап, Мәскеудің үстемдігін сатиралық тұрғыдан ашып көрсетеді. Өктем билікке деген айқын көзқарасы бала бойындай бәкене тұғырға қондырылған Ленин бюстіне қатысты тұста сөзсіз аңғарылады: «өлде бір кезде Аралдың қолы ұсынықты бір баласы ақ гипстен үйтіп-бүйтіп ұсқынын келтірген тақыр бас көсемнің ...тұла бойында құс санғымаған сау-тамтық жоқ екен!» (Нұрпейіс, 2021: 52). Заманында кеңестік кеңестік тұрғындарының

бәрі күн көсем деп жырға қосқан тұлғаны қазақ әдебиетінде алғаш боп найзасының ұшына түйреген автор Нұрпейісов деуге болады. Сонымен бірге, романда орыс-қазақ қатынасына қатысты бір қызықты оқиға беріледі. Жәдігердің туысы Адай шал Жәдігердің үйіне келгенде орыс стиліндегі жиһазға қарап: «Қазақтың жаманы орыс болам деп әлек» деп бір түйреп өтсе; дастарқанға қойылған орыс пельменін: «Бан-та дедің бе, әй? Өзі орыстың асы ғой?» деп сұрайды. Сонда Жәдігер: «Енді кімдікі деп едің. Осы күні солармен асың да, аяғың да араласып кетпеді ме?» деп жауап береді. Мұны естіген Адай шал «Ой, енеңді ұрайын. Қазақтың жаманы орыс бола алмайды» (Нұрпейіс, 2021:100) деп ренжіп кетеді. Автор Адай шалдың орыс тағамын мүлдем қабылдай алмаған деталін енгізе отырып, орыс үстемдігіндегі қазақ халқының тұлғалық алаңдаушылығы мен қарсылығына басымдық береді.

«Табиғаттың әлемтапырығын шығарып тонап жатқан адамзат өз жанын қоса тонауда, ар-инабат, инсаният атаулыдан безінді» (Елеуке-нов, 2005: 518). Романда құдайсыз қоғамға деген көзқарасы балықшылар ауылындағы дінсіздер қоғамының басшысы сөзінен білінеді: «маған туыстық парыздан гөрі партия алдындағы парыз қымбат. Әуелі партиялық парызымды орындаймын. Сендердің осы ауылдағы өнебір жаман шалдардың сөзіне еріп, Құдай, Құран, Дін, сосын тағы да салт-сана, ырым-жырым, қыру-шыруларын... кебенематри, тамырына балта шабамын, солай ағасы! Осыдан айтқанды тындамасаң, ағам болсаң қайтейін, аямаймын» деп есікті тарс жауып, шығып кетіпті (Нұрпейіс, 2021: 415). Ал сол туыстық парыздың тамырына балта шауып, партиялық парызды төрге шығарған құдайсыз қоғамның бүгінгі түскен күй-кепеті белгілі. Кеңестік қоғамның кемшілігін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде зерделеген ғалым Н. Құдайберген дәстүрлі қоғамнан ажырап, индустрияға қадам басқан советтік формация өкілдерінің (кейіпкерлерін) өзімшіл, қатігез екенін көрсетеді. Барынша негатив сипат жамаған сатиралық кейіпкер Сары Шая, үңіле қарасақ, өзіне де оңай емес. Не ісінде береке жоқ, не отбасылық бақыт жоқ, жан тозағын басынан кешіріп жүр. Демек, жазушы әрбір кейіпкеріне үлкен әлеуметтік жүк артқан. Кеңестік құндылықты бойына сіңірген кейіпкерлерінің ауыр тағдыры, рухани жұтаңдануы, жаман қасиеттерге бой алдыруы арқылы советтер «жүйесіне сына қағып, жүйесін бұзуға әсер етіп жатқанын астармен жеткізеді жазушы» (Құдайберген, 2023: 176).

Жаттан жақсылық күтпеу қажеттігін түсінген реалист жазушы позициясы Тәңірбергеннің жатағын талқандап («Қан мен тердегі»), үкіметке қалтқысыз сенген әрі берілген Әзімнің тағдырын («Соңғы парыздағы») сергелдеңге салды. Яғни, Әзім өзі қызмет еткен идеяның құрбаны болды. Империя үкіметтің тіпті, табиғаттың төл баласы, құмды даланың інжу-маржаны Арал теңізін құрбандыққа шалғанын кешіре де, түсіне де алмады. Жазушы туындысында «ұзақ уақыт бойы (соңғы үш ғасыр) өнегесінен гөрі өктемдігі басым болып келген жат жұрттың қас-қабағына жалтақтап, асылын ұлықтай алмай, жасығын құрықтай алмай, отаршыл саясаттың сойылын соғып, жабыны түлпарға, жапалақты сұңқарға балап келген қазақ халқының өксікке толы өмірі бар. Онда бірліктің орнына жікшілдікке, намыстың орнына бәсекеге, тілеуқорлықтың орнына іштарлыққа, адалдықтың орнына сатқындыққа, турашылдықтың орнына жағымпаздыққа дем берген отаршыл саясаттың торына шырмалып ара-дара күй кешкен әлеуметтің тағдыры бар» (Сейдімбек, 2000: 3). Субалтерндік дегеніміз – осы.

«Субалтерн» (subaltern) терминін алғаш итальяндық марксист А. Грамши (A. Gramsci) ұсынған. Ол бұл ұғымды әлеуметтік гегемония жағдайында саяси сөйлеу құқығынан айырылған таптарға (мысалы, шаруалар мен жұмысшылар) қолданған. Қазіргі заманғы постколониалдық теоретиктердің бірі Г.Ч.Спивак бұл ұғымды постколониалдық контексте кеңейтіп, оны билік қатынастары аясында отарланған, нәсілдендірілген, гендерлік тұрғыдан маргиналданған және шеттетілген топтарға қолданды. Спивактың көзқарасы бойынша, «субалтерн» – өзгермелі ұғым және «нақты» субъектіні білдірмейді, керісінше, билік қатынасындағы шеттетілген, әлсіз топтарды сипаттайды. Субалтерндер үнемі үнсіз қалады немесе олар үшін өзгелер сөйлейді. «Олар өздерін өздері көрсете алмайды, оларды міндетті түрде біреу көрсетуі тиіс» (Спивак, 1988: 275). Ал субалтерндікті (subalternity) «субалтерндік жағдай» немесе «субалтерндік күй» деп түсінуге болады.

Жергілікті халық қысым көрген субалтернге айналған эпизодтар романда тым көп. Соның ішіндегі ең сүбелісі – сахнада сөйлеп жатқан басшыларға балықшылардың қол шапалақтауы. Олар ештеңе түсінбесе де қол шапалақтайды. Міне, рухы жаншылған конформист халықтың сиқы. «Мына бір-бір отар соңында қоңын күн тескен қара таяқтардың миына не кіріп, не

кірмей жатқаны белгісіз... Соған мәз болған сорлылар өздері түсінбейтін тілде шешендердің ертеден бері сұңқылдаған бір сөзін ұқпаса да, қалғып отырып көппен бірге қол соғады. Бастықтарға керегі осы» (Нұрпейіс, 2021: 198). Мұнда балықшылардың ештеңені түсінбеуі екі жағдайды меңзеуі мүмкін: балықшылар ғылыми тілді түсінбейді немесе Кеңес Одағының ресми тілі – орыс тілін түсінбейді. Соған қарамастан, олар өздері түсінбейтін мазмұнға қол соғады. Автор жергілікті тіл мен мәдениеттің маргиналды орынға ығыстырылғанын, ал орыс тілі мен мәдениеті үстемдік құрған кеңес шындығын айқын бейнеледі. Ойландыратыны, жергілікті халықтың субалтерндігі тек төменгі таптағы балықшылар арасында ғана емес, сонымен қатар Кеңес Одағының ғылыми, саяси мекемелерінде де кең қанат жайғандығы.

Романның екінші бөлімінде кеңес үкіметі тәрбиелеген жергілікті элита Әзім ішкі күйзелісін ышқынған жан-айқайымен жеткізеді: «Арал аспаны аппақ ақ шаңдақ; Арал өңірі тұзға түншығып, тамыры күйген шөп көктемде де көктемей, қара кеңірдектеніп қурап барады. Адам көрмеген індет шығып, ана жатырында ұрпағынан ауруға шалдыққан балалар делікүл дімқас боп туып, келешек ұрпақ азып бара жатқанына қарамастан, Кремльдегі көсемдер: «Біз болмағанда Орта Азия мен Қазақстанның халқы адамзат көшіне ере алмай, ескі жұртта сарыжамбас боп қалатын еді» деп, екі көзінді бақырайтып қойып көкіп жатқан жоқ па» (Нұрпейіс, 2021: 275). Мұндағы *адамзат көші* – кеңестер қол жеткізе алмай кеткен коммунизм, *ескі жұрт* деп кемсітіп отырғаны – көшпелілер мәдениеті екені анық.

Мұнда кеңес үкіметі отырықшы және көшпелі әлемнің арасындағы қарым-қатынасты мынадай антонимдік парадигмаларда қарастырды: өркениетті-жабайы, дамыған-артта қалған, прогрессив-патриархал, біз-олар. Демек әр халықтың құндылығын анықтап, бағалауда иерархиялық жіктеулерге жол береді. Кеңес дәуірінде, көшпелілер мен олардың өмір салты Кеңес Одағының өркениетті болуына, дамуына кедергі ретінде қарастырылып, оларды социалистік жолымен ілгерілету керек деген идеология кеңінен таралды. Бұл орталық билік жүргізген ұжымдастыру және отырықшылану саясатының негізі болды, ал бұл саясат Қазақстанда 1930-жылдардағы ашаршылыққа себеп болған негізгі фактор еді. Сталин үкіметі диқандар мен малшыларды күштеп отырықшыландырып, колхозға бірігуге

мәжбүрледі, олар бүкіл Одақтың қазанын толтыру үшін ет пен астық дайындап беруге тиісті болды. Күнкөріс көзі болған малы, жалпы тұрмысы – бәрі көшпелі өмір салтына бейімделген қазақ халқына аяқ астынан отырықшы өмір салтына көшу өлім жазасына кескенмен бірдей еді. Мал басы күрт азайып, миллиондаған адам қаза табады. Енді қазақ халқы өз жерінде азшылық топқа айналып, көшпелі тұрмыс салтынан бас тартуға мәжбүр болды. Романда ашаршылық жылдарында Арал өңірінде сақталған тарихи жадты автор былай сипаттайды: «Балшебек балалардың заманында қатын-баланы аз ғана малдың ағымен алдарқатып, қоңымен күнелтіп, үстінен жонып жеп отырған елдің тышқақ лағына дейін сыпырып әкетпеді ме? Сол жылы қырда қыс қатты болып еді. Малынан айырылған халық қара суық ұрған қара шыбындай қырылмап па еді? Баяғы ақтабан шұбырынды осы халықтың басына қайта туып, қыстың көзі қырауда мына жағы Ресейге, ана жағы Қытайға боспады ма? Қарлы боранда аштан, суықтан қырылған сол жарықтықтардың, сүйегі де көмусіз қалмап па еді?» (Нүрпейс, 2021: 205). Спивактың пайымдауынша, тарих ешқашан бейтарап болмайды, ол әрдайым билік қатынастары арқылы қалыптасады. Колониялық контексте субалтерндер жай ғана езілген тап өкілдері емес, олар билік құрылымдарынан толық шеттетілген, өз үнін дербес түрде жеткізе алмайтын әлеуметтік топтар болып табылады. Субалтерндердің тарихи жадына ерекше мән берген және тарихтағы бұрмалаушылықты зердесімен түйсінген жазушы оны деконструкцияламай, керісінше, тәжірибесін жүйелеп, конструкциялауға ұмтылды.

Қазақстан контекстінде Э. Саид талқылаған Шығыс-Батыс қарым-қатынасы көшпелі-отырықшы өркениет ретінде қарастыруға болады, бұл бізге көшпелі өркениет туралы жалған стереотиптердің қалай құрылатынын талдауға мүмкіндік береді. Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасы бір жақтың билігі мен үстемдігі, ал екінші жақтың бағынуы және тәуелділігі ретінде дамығандықтан, Шығыс мәдениеті мен тарихы билік қатынасы тұрғысынан қарастырылды. Отарланған халықтар империялық түсінікке сәйкес келетін, олардың мәдениетін жеңілдетіп, ең бастысы, отарлауды ақтайтын стереотиптер шеңберінде қабылданды (Said, 1978). Э. Саид ұсынған «Ориентализм» ұғымына сәйкес, көшпелілерге берілген баға мен көзқарас еуроцентризм тұжырымдамасына негізделді және оны отырықшылық қағидаты одан әрі күшейтті.

Отырықшылардың көшпелілер туралы түсінігі тым үстірт, тіпті түбегейлі қате болды. Бұл түсінік отырықшылардың әлем, қоғам, мәдениет, құндылықтар, әдет-ғұрыптар, сондай-ақ уақыт пен кеңістік туралы көзқарастарының негізінде қалыптасты. Көшпелілік пен отырықшылықтың дихотомиясы арқылы отырықшы әлем өз болмысын айқындады, бірегейлігін бекітті. Олардың өмір салты, шаруашылығы және мәдениеті априори дұрыс әрі «қалыпты» болып қабылданды да, ал көшпелі өркениетке тән дүние нормадан ауытқу ретінде қарастырылды. Осы тұрғыда көшпелі өркениет иерархиялық тәртіпте төменгі деңгейде орналасып, *артта қалған*, *лас* және *жабайы* деп есептеліп, өркениетке жету үшін отырықшы және социалистік түзетулерді қажет етеді деп танылды. Кеңес үкіметі өнеркәсіп, білім, медицина және өнер салаларында бүкіл халықты социалистік, қалалық және орыс құндылықтар негізінде біріктіріп, жаңа кеңестік мәдениетті қалыптастыруға ұмтылды. Бұл мәдениет прогресс, рационалдық және модернизацияны қамтиды, ал көшпелілерді күштеп отырықшыландыру сол арқылы заңдастырылды. Табиғатты бағындыруды мақсат еткен отырықшы (егіншілік) өркениетінен өзгеше, көшпелілер мәдениеті ежелден адам мен табиғаттың органикалық бірлігі мен ішкі байланысын құрметтеген. Олар адам өмірін табиғаттың бір бөлігі ретінде есептеп, табиғаттың сұлулығына нұқсан келтірмей үйлесімді тірлік кешкен және табиғатқа деген терең құрметке негізделген экологиялық философияны дамытқан. Автор: «Бұл кәрі теңіз судан шабақ аулап жеген қазақ баласы үшін көзі тіріде ана бауырынан тартқылап емер екі емшектің бірі емес пе еді?» (Нүрпейс, 2021: 118) деп жазады. Жазушы мұндай экологиялық сананың ағартушылық пен прогресс идеяларымен сәйкес келмей, отырықшылық-көшпелілік, прогресс-артта қалған сияқты бинарлық оппозицияға тап болғанын, советтік жүйе қалыптастырып берген құндылықтардың ықпалынан өз даралығынан айырылып қала жаздаған халықтың мүшкіл халін жеткізеді. Романдағы Әзімнің: «Атамекен, атакәсіп, ата-баба салты мен дәстүрі, есінде болсын, соңыра ілгері талпынған жас ұрпақты шалғайдан тартып, ойы мен өрісін өсірмейтін нағыз кертартпа қылық» (Нүрпейс, 2021: 190) деген сөздері ұлттың өзіндік бірегейлігінен айырылып қалғанын көрсетеді. Демек, отырықшы қоғамды негіз еткен идеологиялық насихат көшпелілердің өзін-өзі тануына жол бермей, өз болмысын қабылдауына нұқсан келтірді.

Романда жергілікті шенеуніктер де, қарапайым халық та Мәскеу саясатына тікелей қарсылық көрсетпеді. Жергілікті тұрғындар өздерінің өмір сүру ортасының құрып бара жатқанын көрсе де, ешқандай қарсылық акцияларын ұйымдастырмай, туған жерінен жаппай қоныс аударуға шешім қабылдайды. Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының экологиялық дағдарыстан ең ауыр зардап шеккен елдердің бірі болса да, 1989 жылғы Невада-Семей ядролық қаруға қарсы қозғалыстан басқа, экологиялық қозғалыс болған жоқ. Аталған қозғалыс Қазақстандағы ядролық сынақ полигондарының жабылуына тікелей себеп болды. Ал Арал теңізінің тартылуы полигонға қарсы наразылық сияқты халықты жаппай жұмылдырмады. Бұның басты себебі – қаржылық қолдаудың жетіспеуі және Орта Азияның, әсіресе Өзбекстанның экономикасы қазірге дейін мақта өндірісіне қатты тәуелді болуынан. Арал теңізінің экологиялық мәселесі «Арал – Азия – Қазақстан» комитетінің негізін қалаушы, ақын М. Шахановтың белсенділігімен күн тәртібіне қойылды. Бірақ Шаханов та мемлекеттік саясатты сынға алмады, оның ашуы «белгісіз тұлғаларға» бағытталды. Орта Азияны зерттеуші Ә. Шац атап өткендей, «Қазақстандағы экологиялық қозғалыс басқа республикалардағыдай экологиялық ұлтшылдыққа емес, экологиялық интернационализмге негізделді» (Schatz, 1999: 136). Шацтың тұжырымы бойынша, бұл Кеңес Одағының демографиясына, экономикасына және насихатына байланысты болды. Сонымен қатар, бұл ұжымдық әрекетсіздік ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатының қазақ халқының дәстүрлі көшпелі рулық қоғам құрылымына ықпалын көрсетеді, ал бұл қазақ ұлттық бірегейлігінің маңызды сипаты болатын. Бұдан бөлек, еңбек бөлінісінің ұлттық құрамы да халықты жұмылдырудың сәтсіз болуына себеп болды: қазақ халқының негізгі бөлігі ауылда тұрды (1989 жылы – 61,7%), ал бүкіл Кеңес Одағында халықтың жартысынан астамы қалаларда өмір сүрді (1989 жылы – 57%). «Қалалық халық – ең ықтимал жұмылдырылатын топ, сондықтан ұлтшылдық ұрандары (жергілікті жерлерде) дұрыс қолдау таба алмауы мүмкін» (Schatz, 1999: 161).

Алайда, жергілікті тұрғындарда экологиялық қозғалыс болмады деген пікір отырықшы қоғамдағы экологиялық күрестің стереотиптеріне негізделген. Көшпелілер қоршаған ортаға бейімделген өмір салтына сәйкес, қауіпке тап болғанда мүлде басқа стратегияларды қолданған

– бұл қоршаған ортаға бейімделу болды. Орта Азияны зерттеуші америкалық ғалым С. Кameron атап өткендей, «босу – көшпелілерінің саяси немесе экологиялық қолайсыз жағдайларда жиі қолданатын стратегиясы» (Cameron, 2018: 33). Ұжымдастыру және ашаршылық кезеңінде көптеген көшпелілер дәстүрлі босу стратегиясын тандап, Қытайдың Шыңжаң өңіріне және басқа жерлерге (Өзбекстан, Қырғызстан) босқан. Осы тұрғыдан қарағанда, роман экологиялық дағдырысқа деген көшпелілердің ұжымдық әрекетін бейнелейді: бір күнде 25 үй туған жерін тастап босуға мәжбүр болды. Мұндай кезеңде әлсіз жандардың тағдыры тапталып, озбырлық, қатігездіктің кең қанат жаятыны түсінікті. Бұл мақалада қазақ рулары арасындағы жікшілдік идеялары ұжымдық жұмылдырудың сәтсіздікке ұшырау себептерінің бірі ретінде қарастырылады. Романда балықшы ауылы ауыр экологиялық және тіршілік дағдарысына тап болғанына қарамастан, Сары Шая бастаған кейбір ауыл тұрғындары назарын рулық мүдде қақтығысына бағыттады және өз руының мүддесін қорғаудың амалын іздейді. Сары Шая Жәдігермен бір рудан шыққандықтан, оның билігін көрші рудың күштері тартып ала ма деп қорқып, әдейі ауылда екі ру арасындағы қақтығысты қоздырып, Жәдігерге өз руының адамдары арқылы көрші руды аяусыз басып-жаншуды ұсынады. Демек, жікшілдік идеясы әлі де көптеген адамдардың санасына терең сіңген. Бұл идея шын мәнінде эгоизмнің бір көрінісі болып табылады, өйткені ол тек өз руының мүддесін ғана ойлайды.

Қалың бейнеттің қақ ортасында жүріп, экологиялық апаттың бар қиындығын қалың жұртпен бірдей көтеріп, тайсалмай, қасқая қарсы тұрса да, Жәдігердің жансебіл әрекетінің Сизиф еңбегіндей зая кетуі және өмірінің трагедиямен аяқталуы арқылы автор адамзатқа төнген экологиялық апаттың тым күштілігін, оған ел болып, әрекет жасамаса Жәдігер сынды қайсар ұлдардың жалғыз күресіп жеңе алмайтындығына меңзейді.

Жәдігердің алғашқы парызы – «жоспарды асыра орындау» болды. Романда басты кейіпкер Жәдігер аудан басшысынан теңіздің тартылуына байыпты қарауды өтінсе де, өзінің балық аулау жоспарын орындауға бар күшін салуы Кеңес Одағының модернизация және өнеркәсіп жүйесінің бір бөлігі екенін жете түсінбеді. Дәл осы жүйе мақта өндіру үшін теңізді құрбан етуді қажеттілікке айналдырды. Ол өзіне алаңдаушылық білдірген қарт балықшыларды үстірт сөздермен

жұбатты: «Алғашқы келгенде, бұл: «Арал баяғы ата-бабалар заманында талай тартылып, талай тасыпты. Осы жолы да аңысын аңдап көрелік. Кім біледі, құдай оңдап су көтеріліп, кәрі Арал баяғы қалпына қайтып келер» – деп, үш шалды алдарқатып шығарып салды. Олар соған мәз боп: «Айтқаның келсін, шырағым. Жақсы сөз – жарым ырыс» – деп жоқтан жұбаныш тауып кетіп еді. Екінші рет келгендерінде де: «Сонау шалғайдан ұлы Сібір өзенін Аралға бұрғалы жатыр» – деп аңқау шалдарды тағы алдарқатып шығарып салып еді. Енді, міне...сол үшеуі тағы келді. Салмақты тағы да бұған салып, алдында үнсіз тұр» (Нүрпейс, 2021: 200). Бірнеше рет сұрауына жауап ала алмаған жергілікті балықшылар туған жеріне оралған зиялы қауым өкілі Әзімге де дәл сондай өтініш білдірді:

– Әзімжан-ау, не ойлағаның бар? Аузы-басына қарап отырған теңіз тартылды. Балық құрыды. Шамасы келгендер қатын-баласын жетелеп көшіп жатыр. Арқа тірер азаматым...асқар тауым-ау, сен бұған не дейсің? – десті.

– Иә, шырағым, қатарыңнан озып туған бала едің. Мына дағдарған халқыңа ақылыңды айт. Жөн сілте!

– Иә, өзіңнің әлгі осы елге орнатам деген ұжмағың қайда? Сол қашан болады? Соны тездетпейсің бе? Титықтадық...титығымыз құрыды ғой, шырағым-деп, жұрт жан-жақтан жамырап еді. Бұндайда бұрын желдей есе жөнелетін Әзім, неге екені қайдам жерлестері сүйреген жаққа аяқ баспады. Тіпті ол жөніне сөйлескісі келмей, салған жерден сырғаяқтап:

– Болады...болады, ақсақал – деді де, орнынан тұрып кетті. Жұрт аң-таң (Нүрпейс, 2021: 226).

Келтірілген диалогтан экологиялық дағдарыстың тікелей құрбаны болған балықшылардың ашық даусы жоқ екендігі, олардың шын мәнінде «сөйлей алмайтын субалтерн» екендігі аңғарылады. Олардың экологиялық талаптарына тиісті жауап берілмейді, тіпті назарға алынбайды. Қанша жерден өз пікірін білдіруге тырысса да, әлсіз дауысы билік құрылымында көлегейленіп, бұрмаланып немесе мүлдем жойылып, нағыз субъект бола алмайды. Бұл Спивактың негізгі тұжырымы – «субалтерн сөйлей алмайды» деген ойымен үндеседі. Мұндағы «сөйлей алмайды» тіркесінің мәні олардың дауысы негізгі дискурстық жүйеде естілмейтінін, ескерілмейтінін, еленбейтінін көрсетеді.

Балықшылардың дауысы естілмейді, ал жергілікті элиталардың дауысы ше? Романда нағыз

ғалым ғылыми жиналыста көпшілікке «Арал теңіздің түбінде қаптаған су жатыр» деген тұжырымның сандырақ екенін көрсетуге тырысады: «Тартылған теңіз түбіне төрт жарым миллиард тонна тұз тау боп шөгер ау. Соңыра осынау ызғыған байтақ даланың өрттей ыстық аптабы күн күн, түн түн аңырап соғар ау, сонда Орта Азия мен Қазақстанда кім қаларын бір құдай болмаса, басқа ешкім білмейді...» (Нүрпейс, 2021: 119). Дегенмен, бюрократизм кеңес дәуірінде ғылымды да жайлап үлгерген. 1950-жылдардың соңында Кеңес Түрікмен академиясының мүшесі Бабаев сол кездегі кең таралған пікірді ашықтан-ашық айтқан: «Мен Арал теңізінің тартылуы оны сақтағаннан гөрі тиімдірек деп санайтын ғалыммын. Біріншіден, біз бұл аймақтың құнарлы жерлерін игере аламыз... Тек мақта өсірудің өзі (балық шаруашылығы, кеме қатынасы сияқты салалармен салыстырғанда) анағұрлым пайдалы; екіншіден, Арал теңізінің жоғалуы бұл аймақтың ландшафтына ешқандай әсер етпейді» (Макнейл, 2017: 149). Шын мәнінде, 1920 жылдан 1960 жылға дейін Кеңес Одағының су шаруашылығы министрлігінің қызметкерлері Ресейдің атақты климатологы А.И. Воейковтың Арал теңізін «табиғат қателігі» деп санаған пікіріне сүйеніп, оны «пайдасыз буландырғыш» ретінде қарастырғаны белгілі (Синот, 2022). Ақырында олар мақта шаруашылығы балық шаруашылығынан экономикалық тұрғыдан пайдалырақ деген қорытындыға келді. Романда автор жеке мүддесін ойлап, халықтың тұрмысын елемеген жалған ғалымдар мен шенеуніктер де бұл экологиялық дағдарыстың сыбайластары болғанын көрсетуге тырысады. Сондай кейіпкердің бірі – Арал теңізінің тартылуын ашық қолдайтын жалған ғалым Әзім. Ол айлакерлік пен жағымпаздық арқылы астанада атағы дүркіреп тұрған академикке, су шаруашылығы министрлігінің жоғары лауазымды тұлғаға айналады. Әзім: «теңіз астынан босаған пәленбай құнарлы жерге түгенбай мақта егеміз, күріш егеміз, ақшаңқан үйлер, сәулетті сарайлар саламыз, скверлер, алаңдар, су атқылаған фонтандар мен жасыл ағаш саясында ғашықтар үздігеді» (Нүрпейс, 2021: 118) деп жариялайды. Ол тіпті бұл сандырақ ойды одан әрі өрбітіп: *«Келешекте, Тұран жазығы сияқты, теңіз түбінен пайда болған кең-байтақ Арал жазығында ұрпағымыз мақта өндіріп, әлемдік рекорд жасайды»* (Нүрпейс, 2021: 193) деп сендіреді. Су шаруашылығы министрлігінің жоғары лауазымды шенеунігі ретінде Әзім олардың жобалары Арал теңізінің жойылуына әкеліп

жатқанын жақсы білсе де, өзін беделді ету үшін теңіздің астында «жер асты теңізі бар» деген жалған картаны жасайды. Бұл карта бастапқыда жергілікті академиялық ортада мадақталғанымен, негізсіз тұжырымы ұзақ өмір сүре алмады. Ақырында, Әзім жалғандықтың салдарын тартуға мәжбүр болады. Бұл көзсіз даму әрекеттері роман ашып көрсеткен шындықты дәлелдейді: экологиялық дағдарыс – тек табиғи апат қана емес, сонымен қатар адамгершілік дағдарысы. Эколог-тарихшы Дж.Р. Макнейл бұған *«халықтың атынан жүргізілген су ресурстарын басқару жобасы шын мәнінде менмен саясаткерлер мен ғылым элитасының озбырлығы болды»* деп баға береді (2017: 149).

Романда орталық пен периферия арасындағы иерархиялық қатынас саяси бюро мүшесі мен Әзім арасындағы диалогта айқын көрінеді:

– Академик жол-да-с-с, Арал теңізін сақтағаннан гөрі оның бізге тезірек тартылғаны тиімді дейсіз. Осыған жауап беріңізші жол-дасс?

– Иә, айттым. Бас тартпаймын...

– Бірақ онда көңілге қонатын ғылыми негіз бар ма?

– Бәлкім, негіз болмас. Бірақ, біз айтайық, айтпайық, түбі бәрібір өлетін теңіз емес пе? Үкімін а-ана жақ алдақашан шығарып қойған жоқ па?

– Токта! Ана жағың кім? Москва ма?

– Иә, солар.

– Солай де, жолдасс...

– Дейік, демейік, қолдан келер түк жоқ. Арал мәселесінің түпкі астарында талай сыр жатыр...

– Дегендей. Ендеше, жаңа өзіңіз айтқан ана-а жақтағылардың арам ойының астарында не жатыр? Соны айтыңызшы?

– Айтсам...өздеріңізге бе-белгелі, Москваға Арал теңізі тұрсын...

– Бөгелмеңіз!

– Арал тұрсын, Орта Азия мен Қазақстанның халқы қырылып қалса да бәрібір. Москваға мақта керек.

– Жарайды. Москва солай болған да, сіз өзіңіз қалай болдыңыз? Москваның әлгіндей көрекөзге істеп отырған озбырлық қиянатына қарсы дауыс көтердіңіз бе?

– Б-біз жақтайық, ж-жа-ақтамайық, тағдыры а-ана жжақта ш-шеешіліп қо-ой-й...» (Нұрпейс, 2021: 272).

Диалогтың мәні тек мансапты ойлайтын, табаны тайғанақ жан тұрақсыздықтың, тұрлаусыз тағдырдың иесіне айналатынын білдіреді. Тозған табиғаттың төл баласының идеясы күйреп,

моральдық жағынан азғындалатыны түсінікті. Қызмет баспалдағында жағымпаздықпен жылдам өскен Әзімдей академик боп қомпайып жүргендер – Қазақстан жерінің асты қаптаған су деп өтірік карта жасағандар – Кремльде көз бояушыларының қасында жіп есе алмайды екен. Дәл осы тұрғыдан Ш. Елеуенов «Соңғы парызды» «қоғамдық саяси өмірді әжуалап әшкерелеуші роман-памфлет» (2022: 261) деп баға берген болатын.

Орталық-периферия империялық билік қатынастары шеңберінде кеңестік жоғары лауазымға жетудің басты алғышарты – орыс тілін меңгеру, Кеңес Одағының мүддесін жергілікті ұлттың мүддесінен жоғары қою және адал қызмет ету болды. Кеңес билігі білім беру, марапаттау және жазалау жүйелері арқылы әр аймақтың ең дарынды элитасын партиялық-басқару қызметіне тартты. Сонымен қатар бұл жүйеге мойынсұнудан бас тартқан зиялы қауым өкілдері қатаң қуғын-сүргінге ұшырады. Шын мәнінде, Мәскеу одақтас республикалардағы элиталардың адалдығына жоғары сенім артты, реформа бастамас бұрын жергілікті элиталардың мұндай саясатқа қарсы наразылық білдіруге немесе оны тоқтатуға мүмкіндігі болмаған. 1936 жылы Қазақстан совет республикасы статусын алғаннан кейін, республикаға қатысты маңызды шешімдердің бәрі Мәскеуде шығарылды. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті Мәскеуден тікелей бұйрық алып, оны іске асыруға міндеттелді. Тіпті Горбачев билігі кезінде де Кеңес билігі Қазақстанды қатаң бақылауда ұстады, 1986 жылғы Алматыдағы жастар бастаған көтерілістің аяусыз басып-жаншылуы – соның дәлелі. Романда жергілікті элита Әзім былай деп ой толғайды: «Қиянпұрыс, қисық істі бастаған бұл емес; ана жақтағы Түркіменстанның Бабаевы да емес. Туту, сонау Кремль, Москвада отырғандар! Мықты болсаңдар, бюрода соларды қараңдар. Халықтың түбіне солар жетті емес пе?Соларға қарсы қайсың дауыс көтеріп едің? Басқа-басқа, Үлкен Кісінің өзі ауыз ашса солардың айтағына еліріп, айтқанның бәрін қосап, өзі басқарып отырған халқының өткен күні қара түнек еді; ата тегінде бас көтерер адам болмай, қой соңында қоңыр күн тескен сорлылар еді деп зарлап қоя бермеуші ме еді? Сосын қайтсын, бұ да Москва алдында елпектеді. Бас шұлғыды. Соған жазықты ма?» (Нұрпейс, 2021: 275). Нұрпейісов қазақ халқының субалтерндігін ашып көрсетіп, Патшалық Ресей заманынан

бері жалғасып келе жатқан субалтерндік тарихқа қарсы айқын позициясын білдірді.

Яғни жазушы «XX ғасырдың басындағы толқыған Арал мен ғасырдың соңындағы сарқылған Арал отарлық жүйемен арпалысып, іштей қайрат көрсетіп жатқан халықтың өз қалпы да, ...бертінде суы тартылып, тұзды, зәрлі теңіз-көлшікке айнала бастаған Арал кеңестік жүйедегі «кемелденген социализмнің» тұсындағы (Хасан, 2015: 27) халықтың жан-айқайын, тұтас тіршілікке төніп тұрған қауіп-қатердің жойқын күшін күллі жаһанға жар салып жеткізді.

Қорытынды

Жер бетінде теңдесі жоқ кимасы да қымбаты Арал тағдырын толғанғанда жанын экологиялық иман деген ойдың жиі мазалайтынын өз сұхбатында айтып отыратын жазушы осы туындымен өзінің соңғы парызын орындап, есептескендей болғаны аян. Қазақтың іштен тынған мұңын көрсету үшін ойды астарлап беретін символикалық нышандар, философиялық түйіндеулер жасап отырды. «Түлкі тымақтылардың» орнына келген «малақайлылардың» пиғылын ашық көрсетті.

Ғылыми жұмыста Арал теңізінің экологиялық мәселесін көтерген туындыны постколониалдық, оның ішінде империялық билік құрылымындағы субалтерндік аспектісінде қарастыру мақсат етілді. Талдау нәтижесінде зерттеуде герменевтикалық, тарихи-салыстыр-

малы қорыту, жинақтау әдістері пайдаланылды. Осылайша «Соңғы парыз» романындағы орталық-периферия арасындағы билік қатынасын, жергілікті халықтың субалтерндік ситуациясын зерделеп, Арал экологиялық дағдарысының себебін танып, таразылай алдық. Экологиялық мәселенің түпкі себебі Мәскеу мен одақтас республикалар арасындағы иерархиялық қарым-қатынаста жатқаны, аталған өңірде экологиялық күрес туындамауының себебі көрсетілді. Мақалада кеңес кезеңінде кең таралған көшпелі-отырықшы өркениет туралы антонимдік парадигмалар, көшпелілерге берілген баға мен көзқарас еуроцентризм тұжырымдамасына негізделгені зерделенді. Осындай идеологияның салдарынан Әзім сияқты жергілікті халық ғасырлар бойы тепе-теңдікті сақтай білген байырғы экологиялық санадан бас тартуы, тіпті ұлттық бірегейлігінен түбегейлі қол үзгені бағамдалды.

Қазақ кеңес әдебиетінің маңызды үлгісі – «Соңғы парыз» романын империялық билік қатынасы, субалтерндік аспектісінде қарастыру – зерттеуші қауымның назарын постколониализмнің өзектілігіне аударуға шақырады. Бұл зерттеу алдағы уақытта осы бағыттағы ғылыми ізденістерге үлес қосады деп үміттенеміз.

Зерттеу Қытай мемлекеттік стипендиялар кеңесі (China Scholarship Council) тарапынан қолдау тапты.

References

- Anastas'ev, N. (2009). A. Nurpeisov – adamzat tagdyrynyng zhyrshysy [A. Nurpeisov – the poet of humanity's fate]. *Ana tili* [Mother Tongue], 22-28 October, P. 6-7. (in Kazakh)
- Cameron, S. (2018). *The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan*. New York: Cornell University Press.
- Isabekov, D. (2024). Qazaq prozasyndagı jańa uryǵaq pen jańa qurylym [New Rhythm and New Structure in Kazakh Prose]. *Jas Alash*, P. 7. (in Kazakh)
- Jaqsylyqov, A. (2014). Abdizhamil Nurpeisovting romandary alem aldynda Qazaq adebietining bedelin kóterdi [Abdizhamil Nurpeisov's novels have elevated the prestige of Kazakh literature on the world stage]. *Jas Alash*, P. 4. (in Kazakh)
- Khasan, S. (2015). Tengdesi joq sheberlik. [Unparalleled Mastery]. *Urker*, Vol. 1, P. 27.
- McNeill, J.R. (2017). *Taiyang dixia de xinxiang shi – 20 shiji ren yu huanjing de quanqiu hudong* [Something New Under the Sun: An Environmental History of the Twentieth-Century World]. Beijing: Zhongxin Publishing Group. (in Chinese)
- Nurpeis, A. (2021). Songgy paryz [Final respects]. *Almaty. Knizhny klub baspasy*. (in Kazakh)
- Qudaiberger, N. (2023). Adebı zherdedegi tauelsizdik qundylyqtary [Values of independence in literary consciousness]. *Juldyz*, Vol. 4, P. 176. (in Kazakh)
- Said, W.E. (1978). *Orientalism*. New York: Pantheon Book.
- Schatz, E. (1999). Notes on the “dog that didn’t bark”: Eco-internationalism in late Soviet Kazakhstan. *Ethnic and Racial Studies*, Vol. 22 (1), P. 136.
- Seidimbek, A. (2000). Suretker [The Artist]. *Turkistan*, P. 3. (in Kazakh)
- Spivak, G.C. (1988). Can the subaltern speak? In C. Nelson & L. Grossberg (Eds.), *Marxism and the interpretation of culture*. University of Illinois Press. P. 275.

Synnott, M. (2016). Aral tağdyry – adam tağdyry. [The fate of the Aral – the fate of humanity]. *National Geographic Kazakhstan*. [Electronic resource]. URL: <https://nationalgeographic.kz/2022/06/14/aral-taghdryry-adam-taghdryry/?ysclid=m78xzpsdbg35847341> (Date of use: 14.06.2022) (in Kazakh)

Yeleukenov, Sh. (2022). Sheriazdan Yeleukenov. Kóp tomdyq shygarmalar jinaғы [Sheriazdan Yeleukenov. Collected Works in Multiple Volumes] Vol. 0. Almaty. Qazyғurt. (in Kazakh)

Yelubayev, S. (2019). Álemniń Ábdizhamili [Abdizhamil of the World]. Egemen Qazaqstan. P. 8. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Болат Рауан – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz);

Бисенғали Зейнол-Ғабден Қабиұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zinolgabden@hotmail.com);

Токишылыкова Гульназ Базарбаевна – PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru).

Information about authors:

Bolat Rauan – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz);

Bisengali Zinol-Gabden – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zinolgabden@hotmail.com);

Tokshylykova Gulnaz – PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru).

Сведения об авторах:

Болат Рауан – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: bolat_rauan@live.kaznu.kz);

Бисенғали Зинол-Ғабден Кабиұлы – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zinolgabden@hotmail.com);

Токишылыкова Гульназ Базарбаевна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru).

Келіп түсті: 11 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 24 қыркүйек 2025 жыл